

АКМЕШТ

жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

6+



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.

Мағжан



№ 33 (518)
17 тамыз, 2023 жыл



«ПОЗИЦИЯ МЕН ПРИНЦИПКЕ БЕРІК БОЛУ МАҢЫЗДЫ»

– «Менің» деген мықты маманның арасынан көзге түсіп, жүздеген ие болу қиынның қиыны. Баикиаға қатысқандар түсінікті не деді?

– Шынымы айтсам, бұрын соңды байқау атаулыға қатыса бермейтінмін. Себебі «фартовый» яғни, қолы болғыш жіптердің қатарынан емес едім. Бала күнінен бастап байқауда бақ сынап, жеңімпаз атануға аса құштар болмағандықтан, бұған да мән бермедім. Дегенмен осы жолы тәуекел етіп, қатысып көруді жөн санадым. «Пенденде» өрнек, Алпадан берекеті демекші, еңбегім елеусіз қалмады.

– Журналистикадағы еңбек жолының қалай басталды? Жалпы баспасөз хатшысы қызметіне ұсыныс қалай түсті?

– Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің дипломын алғаннан кейін 1 аптадан соң Түркістан қаласындағы «Өңіртүстік» телерадионың қызметке орналастым. Кейін Түркістан облыстық қарама-қарсы басқармасының «Өңірлік коммуникациялар қызметінде» істедім. Дегенмен отбасылық жағдайға байланысты туған жерге оралып, аудандық «Өкпен өңір» газетінде тілші қызметін атқардым. 6 айдан кейін ішкі саясат бөліміне шақырту алып, бөлімде жұмыс жасап жүріп уақыт табысты жұмыс атқарып, «Өкпен өңір» газетіне бөлім меңгерушісі қызметіне тастайын дегенім. Аудандық газетте бір жылдан астам уақыт жұмыс істеп, қыркүйек айында баспасөз хатшысы қызметіне шақырту келіп түсті. Осылайша шақыртуды ой елегінен өткізіп, қазан айынан бастап қызметке кіріспеге бел булдым.

– Халық әкімдік жұмысына өкпей-тегілей қанық болғысы келеді. Желіде жанжал тудыратын жазбалар да бар. Қалың қауым қауапалап, жан-жақтан сұрақ жауғанда тығырықтан қалай шығасыз?

– Өрине, мемлекет басшысының да, аймақ басшысының да жүргізіп отырған саясаты ашықтықты көздейді. Сондықтан біз әрдайым жедел, нақты ақпарат таратуға тырысамыз. Ал, наразылық білдірген, мәселесін әлеуметтік желі арқылы жеткізіп, келген азаматтарға түсінікті етіп, жауабын беру үшін әрдайым түрлі сала бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды саралап, жадымда сақтап отырамын. Осы арқылы тығырыққа тірейтін сәттерде тиісті жауабын беруге дайын боламын.

– Меккеме имиджін қалыптастыру баспа-

Атақ деп аласұрмайтын, даңқ деп даурықпайтын жастардың көптігі қуантады. Сондықтан беделімен белден басарлық ессіздікке емес, іскерлікке бел буатын азаматтың айы оңынан туары анық. Сайып келгенде ісіне мығым жанды мұқым ел де қолдайтынны сөзсіз. Осы тұста, тандаған саласыңда тер төгіп жүрген талапты жас Рамазан Әнлияз «Үздік баспасөз хатшысы» аталымы бойынша жеңімпаз атанды. Орайы түскенде біз де сұхбаттасуды жөн көрдік.

сөз хатшысының міндеті. Осы орайда медиа кеңістіктегі коммуникацияда нендей кемшілік жібермеу керек?

– Бұрамен байланысты бекемдеу, ортамен коммуникация қиынуы ең негізгісі. Қызықсыз бұл қызметке қойылар талап қатаң, жауапкершілік жоғары. Медиа кеңістікте оперативті болу мен сенім орнату, көпшілік көз келген жағдайдың жай-жапсарын сұрағанда жалтақпай жауап беру маңызды. Сондықтан бұл істе ең алдымен баспасөз хатшылары бүкпеліз әрі бояусыз нақты ақпарат беру керек. Сондай-ақ тілші қауыммен әрдайым тұрақты байланыс орнату да баспасөз хатшысының шеберлігі. Яғни ақпараттың айқын, қысқа да нұсқа болуын қарағанда, дерек пен дәйекті деп сөйлету маңызды аспектінің бірі дер едім. Позициясы мен принципін берік адамның жұмысында кемшілік болмайды.


– Тілшілік пен хатшылыққа келгенде айтылар уәж көп. Осы ой төңірегінде сіз не деісіз?

– Бәріне бірдей ұнау мүмкін емес және бұл қалыпты жағдай. Кейде уақыттың тапшылығына байланысты тілшілер сұрақтар ақпаратты дер кезінде бере алмай қаламыз. Бірақ БАҚ өкілдері қойған сауалдарды назарға алып, істің анық-қанығын баяндап, түшіндімді жауап беруге тырысамын. Мәнінде байланыс нығайған сайын түсіністік туындайды.

– Болашақта жүзеге асырар жоспар мен мақсатыңыз жайында айта кетсеңіз...

– Ойға алған жоспар мен мақсаттар жүзеге асқанға дейін жасырын болу керек. Ал қызмет барысына келер болсам, жұмысымды дағдылап, Шіелі ауданының көршілер-түгендімен атсалысамын.

Сұхбаттасқан
Замира ҚОНЫСЖАН



ТАС ҚАЛАУШЫЛАР ТАСАДА ҚАЛМАЙДЫ

Сала жауаптыларының мәліметінше, 2025 жылға дейінгі құрылыс индустриясын өтпей-тегілей жүзеге асыру бойынша Жол картасына 157 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі әкімдіктермен бірлесіп отырып, жоспарланған барлық жобаларды қисынды қорытындыға жеткізіп қана қоймай, сонымен қатар өңір мен облыстар деңгейінде құрылыс материалдарына деген қажеттілікті толық қамтуды қамтамасыз ету маңызды болып отыр.

Өрине, құрылыс материалдарынан бұрын аталған саланың сан түрлі бағытындағы мамандардың білім мен біліктілігі алғашқы орында. Шын шебер, білікті маман сайыстарда сыналады. 14 тамыз – құрылысшылар күні қарсаңында қалалық «Qosy» жастар ресурстық орталығының ұйымдастырумен жас құрылысшылар арасында «тас қалаушылар» байқауы өтті. Тартысты сыңға жастар санатындағы 16 тас қалаушы қатысып, қазылар шешімімен Нұрдаулет Жолмахан жеңімпаз атанды. Жеңімпаз Қызылорда қаласы әкімінің «Самғау» жастар сыйлығын иемденді. Сонымен қатар жүздеген 100 мың теңге көлемінде қаржылай сыйлық та табысталады.

«Құрылыс саласының мамандары арасындағы мұндай байқаулар жиі ұйымдастырыла бермейді. Сондықтан

жас мамандар үшін осы типтес жобалардың орны ерекше. Тас қалаушы болу – қаланың мемлекеттің экономикасына, болашағына ұласуымен тең. Сенің қолыңнан шыққан мектепте мыңдаған бала білім алып шықса, ғимараты бой көтерер уақытта сен тас қалаған ем-ханада қаншама қарт пен науқастар ем алса, үлкен мәртебе. Осындай сәтте еңбегің ақталғанын, қозғамға да, адамға да пайдалы дүниені жасап жүргендігің сезінесің. Бұдан артық бақыт жоқ.

Құрылысшылар күніне орай ұйымдастырылған байқаудың бір ұғымдырағы да осы. Тек атаулы датада ғана емес, өр күн сайын сала мамандарының еңбегін елеп, қызметін бағалап жүрейік», – дейді Нұрдаулет Жолмахан.

Айта кетейік, өткен жылы мемлекет экономикасында нақты сектордағы ең жоғары өсімді құрылыс саласы көрсетті – 12,5%. Мұндай нәтижеге негізгі капиталға жұмсалатын инвестицияның артықандығы, біртұрақ құрылыс жобаларының тұрғын үй саласына берілуі және бұл салаға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп жатқандығы арқасында қол жеткізілгенін атап өту керек. Бағнды болашақтың іргетасы сапасы сын көтеретін, саналы, сауатты ұрпақ өмір сүретін, жайлы, жаңа үйлер мен ғимараттарды салу арқылы қалап жүрген тас қалаушылардың еңбегі тасада қалып кетпесін деген тілек қана бар...

Дина БӨКЕБАЙ



ЖАТАҚХАНА: СТУДЕНТТІҢ АРҚАСЫНДАҒЫ ЖҮК АУЫР

Арман қуып ауылдан асып, Келді көп қыз, көп ұл Жатақхана шағын қалашық Болды-ау ма екен өмір?, – өмі студенттердің өңуранына айналғаны қашан. Өйткені бірде қарын аш, бірде көңіл тоқ көзенді күліп еске алатын жастар үшін әдемі естелік. Бірақ оған дейін алып шаһарды жатсынұ мен жатақхана жайы көңілді жығады. Өткен жылы да алматылық студенттердің үй-күйсіз далада түнеуге мәжбүр болып, саябақты сағалап, вокзалдарды жағалап жүргенінен бөрі хабардар. Қай ата-ана маңдайынан иіскеп, арқасынан қағып, «жақсы оқы, үмітті ақта» деп жіберген баласының баспанасыз бас сауғалап кеткенін қалайды?! Білім алушылардың келген күнінен бастап көше көзіп, күндіз оқып, көшке пөтер іздеп жанталасы өріккеннен емес. Сірә, алыстан ат арытып келген студенттер жастар жастығы болғанымен, «жатақханаға жарымай қаламын» деп ойламаса керек-ті. Қанша дегенмен жоғары оқу орнының табалдырығын табандылықпен аттаған талаптылардың тентіреп кеткені тиімсіз. Яғни, жатақханаға жайғасу – арқаланып келгендердің арқасына тағы бір жүк. Сонда ата-ананың шөрі мен уақымына, студенттің мұң-мұқтажына құлақ түретін кім бар?

2 бетте



Өрине, арман қуып шетел асқан Аянаға мүмкіндік есігі бізден ашылмады. Жүйелі ізденіс пен күн-түн оқу нәтиже беріп, мақсатқа жетуге деген табандылық ғана сәттілік әкелген екен. С. Сейфуллин атындағы №4 ІТ мектебінің ұстаздар ұжымы да талапты жастың лайықты білім алуына жағдай туғызу арқылы жеңісті күнді жақындатқан сыйайлы. Аянаның өзі ел асып, білім алу жолын былайша жеткізді:

– Көз келген оқушының әлемді аралауға құмары артаынын білеміз. Мен де ғалам кереметін, өзге ұлт ерекшелігін көруге құмарым артты. Осы арман жетегімен шетеле оқу ниеті қалыптасты. Ата-анаммен ақылдаса келе Ресей Федерациясын тандап, Башқұртстанда орналасқан Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университетіне оқуға түсуге бел буыдым. Тандаған мамандығым да күрделі. ІТ саласын ітеруді олайды. Осылайша, университеттің ішкі емтиханын тапсырып, ең жоғары 300 баллдың 251-ін жинадым. Шетеледе оқу шыңдыққа айналып, ЖОО студенті атануға жол түсті, – дейді түлек.

Ана әрбір жастың қалаған оқу орнына түсуге құжары жететініне сенімді. Тек ерінбей ізденіп, үздіксіз білім игерсе болғаны. Талантты жас мұндай табандылықты қажет ететін оқу жүйесін қалыптастыруға ұстаздар мен ата-ананың көмегі зор болғанын жасырмады. Жан-

жақты қадағалаудың нәтижесінде көздеген мақсат артта қалды.

– Ең бастысы қолданылым – отбасым. Қос әкемнің батасы, әкемнің артық сенім күш сыйлап, күн-түн сабақ оқудан танбадым. Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университетіне оқуға түсетін кезде де жүйелі ізденіп, жан-жақты дайындықтан өттім. Сол кезеңде қолдауына аямаған отбасым алығым шексіз.

Сондай-ақ сынып жетекшісі Гүлзия Төлебергенова алайды да орны ерекше. Үнемі шабыт сыйлап, көтермелеп жүрді. «Қызым, сен бәріне жетесің» деп ұстаздық лебізін үзбеді. Өзге мұғалімдер мен мектеп ұжымының көмегіне де айта кеткім келеді, – дейді Аяна.

Арманы шыңдыққа ұласқан кейіпкерімізден өзге елде оқуға ниетті жастар үшін кеңес сұраған болатынбыз. Жас түлек тіл меңгеруді жетілдіріп, мақсатты жүйелі түзсе, көз келген оқу орнына түсу оңай екенін жеткізді. Оған қоса түрлі барлап-арма шеңберінде бақ сынап, білімді көрсетуге де мүмкіндік бар екенін баса айтты.

Р.МАҚСҰТ

«ҚАЛЫҢ АЙНАЛДЫ»



Шетеледе білім алу өрбіе түлектің арманы екені сөзсіз. Алайда мұндай жетістікке жету үшін терең ізденіспен қатар ғылымға қызығушылық әрі ЖОО-ның талап-міндеттеріне сай болу қажет. Қызылордалық Аяна Жақсыбаева – ұрымтал сәтті пайдаланып, шетеледе білім алуға қол жеткізген жастың бірі. Ол Ресей Федерациясының Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университетінде тегін оқуға мүмкіндік алды.

Екінші, үшінші және одан да жоғары қабаттан құлағандар көбіне терезеден торды ұстап, оқы жағдайға ұшырап жатыр. Тұрғындар терезеге тапсырыс беру кезінде москит торды балалардың бойы жетпейтін жеріне орнатса немесе басқа да қалқандар арқылы сақтық шараларын қатаң қадағаласа, терезеден қатер төңбеуші еді. Жазда асыр салып ойнағанның орнына бүлдіршіндер денсаулығына зақым келіп ауруханада жатыр.

Иә, терезелер жаппай ашыла бастағанда көпшілік көбейеді. Нендей амал, қандай тәсіл тиімді? Бұл жөнінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бар. Мемлекет басшысы құрылыс компанияларына қауіпсіздік нормаларын қатаң күшейтуді де міндеттеді.

— Құрылыс нормаларында қауіпсіздіктің нақты параметрлерін күшейту қажет деп санаймын. Біз, әрине, құрылыс жағдайларын жаңылдырамыз. Бірақ кейбір құрылысшылар мен кәсіпкерлер мұның бәрін теріс пайдаланады. Қосымша қауіпсіздік шараларын қолдану қажет. Балалардың терезеден құлауына алдымен ата-аналар жауапты, әрі бұл қауіпсіздікті қамтамасыз ету әкімдіктің міндеті, — деген еді Президент.

Одан соң Президенттің тапсырмасы құзырлы орындар тарапынан

компанияларға тек ұсыныс ретінде ғана айтылды. Бұл ұсыныстың ешбір заңдық тегі жоқ. Оған себеп — жоғарыда айтқанымыздай, баланың қауіпсіздігіне әуелі ата-ана жауапты. Нұсқаулық алған құрылыс компаниясы оны мүлтіксіз орындайды деу де өтірік. Жүре тыңдайды. Күле шығарып салады. Заңда болмаған соң басын қатырып, босқа әуеге түспейді. Компаниялар үнемшіл. Бұл нұсқауды бекітуге бола ма? Заңгердің айтуынша, ол мүмкін емес.

— Жаз басталса дәрігерлердің кішкентай пациенттерден қолы босайды. Ал жел қатқуы үшін ашқан терезеден ауып құлаған сәбилердің статистикасы мүлдем қорқынышты. Олардың бірлі-жарымы жарақаттан жеңіл құтылса, бірі мерт болады. Көп жағдайда медицина өлсіз, бала мүгедек болып қалуы мүмкін.

Жоғары қабаттан балалардың абайсызда құлау оқиғалары бойынша тіркелген мәліметтерге сүйенсек, олардың жасы әлі беске де толмаған. Ембекке жарамды азаматтар арасында мұндай жағдайларға көбінесе құрылыс мамандары ұшырайды. Әсіресе, егде жастағы азаматтар үшін құлаудың салдары өте ауыр болады. Ата-аналарға көпқабатты үйлерде балаларды терезеге қиялатпай, мұқият болуларын ескертеміз, — деді облыстық төтенше

жағдайлар департаменті бөлім бастығының міндетін атқарушы, азаматтық қорғау капитаны Жанболат Бабберенов.

Статистикаға сүйенсек, қайғылы жағдайлардың көбісі ата-ананың қараусыз қалғанда немесе салғырттықтан болады. Ойын баласының кез келген нәрсеге әуестеніп, қолды-аяққа тұрмай, мазасыз болатыны айтпаса да түсінікті. Сондықтан сәбиіңіздің өміріне қауіп төнбес үшін, оның ер қадамына абай болғаныңыз абзал.

Мәселен, жақында ғана орын алған оқиғадан көпшілік үркіп қалды. Қызылорда қаласында жеті жасар ер бала бесінші қабаттан құлап кетті. Оқиға 12 шілде күні сағат 12:45 шамасында Жаппасбай батыр көшесіндегі көпқабатты үйдің бірінде болған.

— Бес қабатты тұрғын үйдің бесінші қабатынан 2016 жылғы ер бала құлап кеткен. Ол алған дене жарақатымен ауруханаға жеткізілді. Жағдайы орташа ауыр деп бағаланып отыр. Тұрғындардан қауіпсіздік шараларын сақтауды сұраймыз, — деді облыстық төтенше жағдайлар департаменті баспасөз қызметінің жетекшісі Айгүл Нұрманова.

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше биыл 12 бала көпқабатты үйдің терезесінен құлап кеткен. Оның арасында біреуі алған дене

жарақатынан көз жұмды. Ал өткен жылы көрсеткіш бойынша 9 жағдай тіркелген.

Мәселе құрылыс саласын арттыру арқылы шешілетіндей. Пластик терезе салатын кәсіпкерлер жаз шыға жалпы тапсырыстың көбейетінін айтады. Қорғаныс бекіткіштерді орнатуға да өтініш арта түсетін көрінеді. Тіпті «жау кеткен соң қылышын тасқа шабатындар да» бар. Ата-аналардың кейбірі жазатыны оқиға болған соң ғана онық жеп, орнатады екен.

— Кейінгі кезде қауіпсіздік бекіткіштеріне тапсырыстар көбейді. Бағасы аса қымбат емес. Жылдам

орнатылады, — дейді жеке кәсіпкер В.Воронцов.

Оқиға орнына бірінші болып баратын төтенше жағдайлар департаменті жалпақ елді ескертуден кенде емес. Кішкентай балаларды қараусыз қалдырмауды жағы талмай жұрттан сұрап-ақ келеді. Терезелерге арнайы бекіткіштер орнатуды да өтінеді. Тек тыңдар құлақ аз.

— Балалардың терезелер мен балкондардан құлауына жол бермеу үшін қараусыз қалдырмау керек. Бала терезенің алдына шыға алмайтындай етіп, жиһаздың барлық түрін ол жерден алып тастау қажет. Москит торы құлаудан қорғануға арналмаған. Сонымен қатар терезені бірнеше сантиметрден артық ашуға мүмкіндік бермейтін арнайы бекіткіштер орнатуға тиіс. Егер бекіткіш құрылыс орнату мүмкіндігі болмаса, терезені тұтқасын алып тастап, оны тек қажет жағдайда қолдану керек, — дейді төтеншеліктер.

Қауіп пен қатерді шақырғымыз келмейді. Десек те, бұл мәселе жеке отбасы шеңберінен шығып кетті. Бүтін қоғамның проблемасы деңгейіне көтерілді. Олай болса, қоғам бұл мәселенің алдын алып, ауыр статистиканы тоқтататын шешім шығару үшін нақты шараларды қолға алғаны жөн. Өкініштісі, мұндай қадам күні бүгінге дейін толық жасалған жоқ.

Замира ҚОНЫСЖАН



Жаз жадырап басталғанмен балалардың көпқабатты үйдің құлау оқиғасы ата-аналарды жабырқатып тастайды.

Жалғасы. Басы 1-бетте

Тұраға мекен, қонуга пана іздеп жүргендердің сабаққа әрбір уақыты да сырып біледі. Жатақханаға жолдама ала алмағандықтан, пәтер жалдап тұру үшін қомақты қаржы қажет. Ал, барлық студенттің әлеуметтік жағдайы бірдей емес. Азық-түлік бағасы шарықтап, күннен-күнге өсіп отырғанда баспананың құны бас қатыратыны белгілі. Астана қаласында оқитын студентпен тілдестік. Мұнда пәтер табу өте қиын көрінеді, ұзақ іздеу керектігі тілге тиек етті. Екі бөлмелі жалдамалы пәтерлер 200-300 мың теңгенің үстінде. Мейлі, 4-балаға шаққанның өзінде 40-75 мың теңгеден келеді. Бұл қаражат кейбір адамдардың бір айлық жалақысымен тең. Енді ойланп қараңыз. Егер студент грантта оқыса, ата-анасына салмақ салмайды деп қарастыруға болады. Соның өзінде баланың ішіл-жемі, күнделікті күнкөрісі, қажеттілігі, жолақысы бар, бұған да қаражат керек. Ал, ақылы негізде оқитындардың тіптен қиналатыны айтпаса да түсінікті. Уақытша болса да тұратын мекені болған соң жағдайдың жақсы болғанын қалайды. Студенттің айтуынша, 150 мыңға жағдай жасалмаған, жөндеу жұмыстары жүргізілмеген пәтер көп.

Қазір алдына барса бөлсін, жағдайын айтса, шалқайып қалатын кезең. Көпке топырақ шашудан аулақпыз, десе де студенттердің соңғы тиының ішін сыпырып алуға дайын, шарықтаған бағаны тағы да асқақтатын жалға берушілердің әрекеті орынсыз. Күні таап қалғанда титықатып, төлемді төбесінен төніп тұрып жасатындардың бағы жасырын емес. Біз де Алматыда жалдамалы пәтерде тұратын студенттермен байланысқан болатынымыз. Ол жақта пәтер құны Елордамен салыстырғанда қымбат. Сондай-ақ, пәтер іздеуде мұқият болу керектігін ескертті. Өйтпесе, жалға пәтер алуға мүмкіндік беретін арнайы бағдарламаларда алаяқтар көп кездеседі. Сондықтан жатақханада орын жеткілікті болғаны маңызды. Өйтпегенде, жатқа жем болып, қалтадағы қаржысынан

қағылудың қарқыны тыйылмас. Неде болса, білім іздеген талапкерлерді табанынан тодырып жіберу қисынға келмейтін іс.

Жаңа оқу жылының басталуына аз уақыт қалды. Сол себепті жатақхана туралы мәселе күн тәртібінен түспесі анық. Көпті елең, көңілді алаң еткен мәселеге

мақсатын өзгерту, заттай грант беру және коммуналдық желілерге қосылу мүмкіндігінің шектелуіндегі қиындықтарды атады. Ал Әлихан Смайылов егер бұл мәселе уақытылы шешілетін болса, жағдай одан сайын қиындай беретінін атап өтті.

— Көптеген университеттердің басшылары студенттерге тиісті жағдай жасау өздерінің тікелей міндеті екенін іс жүзінде ұмытып кетті дегуе болады.

Оның ішінде 5 793 студент жатақханамен қамтылған. Аймақтың 30 колледжіндегі 20 672 студенттің 3646-сына жатақхана берілген. Облыс орталығы мен аудандардағы колледждер жатақханаларында орын тапшылығы болмауы тиіс. Жергілікті кәсіпкерлермен бірлесіп, колледждердегі жатақхана қажеттілігі мәселесін жедел шешу үшін шара қабылдаңыздар, — деді аймақ басшысы.

латын «Өркеніет» және «Дилмаш» ЖШС-ның жатақханаларынан 437 орын пайдалануға келісім жасалған. Биылғы оқу жылында өтініштер онлайн және офлайн негізінде қабылданады. Жалпы жатақханалардағы орын саны — 1230. Оның төлем бағасы алдағы уақытта бекітіледі, — деді университеттің әлеуметтік және тарбие жұмыстары бөлімінің басшысы Жанар Бимұратқызы.

Сөздің байыбына барсақ,

ЖАТАҚХАНА: СТУДЕНТТІҢ АРҚАСЫНДАҒЫ ЖҮК АУЫР



Өз кезегінде Ғылым және жоғары білім, Оқу-ағарту министрліктері университеттер мен колледждердің сырттан

Иә, облыстағы жоғары оқу орны мен колледжге оқуға тапсырысулар көп. Биыл оқуға түскен студенттер саны өткен жылмен салыстырғанда артып келеді. Әлбетте, бұл жатақхана жайына тікелей байланысты. Бірақ баспанасыз қалған білімпаз жоқ. Мәселен, білімнің қара шаңырағы саналатын Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті басшылығы көптегенді кеудесінен итермей, жатақханаға орналастыруды көздеді.

— Жатақханаға жолдама алу бойынша өтініш қабылдау шілде айында басталды. Дүйсенбі күнгі есеп бойынша 434 студент өтініш беріп, бәрі жолдама алды. Университет балансында төрт студенттік жатақхана №1 (512 орын), №2 (73 орын), №3 (260 орын), №5 (400 орын) және №4 (60 пәтер) ғалымдар үйі бар. Қазір №1 жатақхана — 512 орындық күрделі жөндеу жүргізу үшін жобалық сметалық құжаттар әзірленуде. Сонымен қатар жаңа оқу жылына №8 оқу ғимаратының 3-5 қабаттарынан 60 орындық жатақхана беру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Студенттер саны жылдан жылға артуына байланысты жаңа оқу жылында әріптестік негізінде келісім-шарт арқылы «Қаржы орталығы» АҚ қаржыландыры-

аймақта жатақханаға қатысты жанжал туындамайтын секілді. Назарға алынған мәселе бойынша өзге өңірлер де жұмысты қолға алса, жастар да жатақхана іздеп жалтақтап, пәтер жалдап бас ауыртпас. Сонда ғана жол сәмсісін сүйрелеген жастар сенделмесі хақ.

Нәзік АХМЕТ





— Мемлекеттің экономикасы заңға қайыс әрекеттердің, заңсыз ойын бизнесітерінің дамуымен тікелей байланысты. Аймақта заңсыз бизнес бағытының ахуалы қандай?

Заңсыз ойындарға шөкпеу қойылып, қылмысқа сай жаза беріліп жүргенімен қоғамдағы жұмыссыздықтың, несиеге байланудың, тіпті, кейде ажырасудың да себебіне айналғаны жасырын емес. Осы орайда облыстық экономикалық тергеу департаментінің қызметкері Медеу Таубаймен сұхбаттасқан едік.

ЗАҢСЫЗ ОЙЫН БИЗНЕСІНЕ ТОСҚАҢЫП ҚОЙЫЛАДЫ

заңсыз ойында қатысты қылмыстар экономикаға келтірілген залал ғана емес, адамдардың құмар ойындарға әсіре әуестігі бүгінгі күннің әлеуметтік мәселесінің біріне айналып отыр. Өткен жылы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 307 бабы 1 бөлігімен қарастырылған заңсыз әрекеттер бойынша облыста экономикалық тергеу-тексеру департаментінің өндірісінде 18 қылмыстық іс қаралған болатын. Оның 17-сі аяқталып, сотқа жолданған. 18 ойын орны жабылды. Аяқталған істер бойынша заңсыз айналымнан 1-ойын рулеткасы, 1-ноутбук, 103-монитор, 123-процессор, 6-телевизор, 14-кассалық аппарат, 10-терминал, 6-бейне жазғыш және 795 920 теңге ақша қайтарып жаны.

Сонымен бірге мамыр айында Қызылордалық екі азаматқа сот шешімімен айыппұл салынды. Бірінші ойын ұйымдастырушы 1000 АЕК көлемінде (екі миллион тоғыз жүз он жеті мың теңге), екіншісі 200 АЕК көлемінде (алты жүз он екі мың алты жүз теңге) айыппұлға тартылған. Ал осы жылдың қаңтарында Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеу-тексеру департаментімен тергеуі аяқталған кезекті қылмыстық іс бойынша сот үкімі шықты.

Алматы қаласының тұрғыны У.А. Қызылорда қаласында интернет-казино ашып, заңсыз ойын бизнесін бастаған. 2022 жылдың мамыр айында қаладағы Қазыбек би көшесінің бойындағы көпқабатты үйден пәтер жалға алып, 8 дербес компьютер орнатып, оларды интернет желісіне қосқан. Өзінің бұрынғы екі танысын келушілерге қызмет көрсетуші ретінде жұмысқа тартқан. Сот компьютерлік-техникалық сараптамасы алынған компьютерлерге «Supergomats» бағдарламасын қосу арқылы онлайн ойындар сайтына қолжетімділік қамтамасыз етілгенін анықтады. Сарапшы-маманның қорытындысына сәйкес, заңсыз қызметтен түскен табыс көлемі 8 млн 190 мың теңгеге құрады. Бұл ірі мөлшерге жатады. Қалалық №2 сот үкімімен, ҚР ҚК-нің 307 бабы 2 бөлігі 3 тармағымен қарастырылған қылмыстық әрекет үшін қылмыскер 2 жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасына кесілді. Барлық мерзімге пробациялық

бақылау және жыл сайын жүз сағатқа мәжбүрлі еңбекке тарту тағайындалды.

— **Құлықтық сауаттылықтың қоғам өмірінде маңызы жоғары дейсіз ғой...**

— Президент «Соңғы кезде жастар арасында құмар ойындарға тәуелділік белең алды. Бұл кеселден құмарпаздардың өздері ғана емес, олардың отбасы, туыстары мен жақындары зардап шегеді. Жасөспірімдер заманауи технологиялардың ықпалымен құмар ойындарына оңай шырмалатын болды. Букмекерлер мен казинолар интернетте толассыз жарнама жасап, жұртты еріксіз еліктеруде. Мемлекет бұған шектеу қою үшін бірқатар маңызды шара қабылдады. Бірақ бұл шаралар, әрине, жеткіліксіз» деді ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында. Сол үшін құқықтық сауат маңызды.

Қоғамды қылмыстан тазарту үшін ең алдымен адамдар сауатты болуы керек. Яғни адамдар заңды білгенде ғана, өзін өзі сенімді болғанда ғана еңбекіс пайда болмайтынын түсінгенде ғана өмірден өз орнын табады, қылмысқа жақын болмайды. Әрине, өңірдегі қылмыс деңгейі жыл сайын азайып келеді. Оған түсіндірме жұмыстары мен дұрыс ақпараттандырудың да әсері бар.

— **Сұхбат үшін рақмет!**

Өңгімелескен
Дина БӨКЕБАЙ

ӘЛЕМДІК ДАҒДАРЫС БОЛА МА?

Сарапшылар бұл сөзді қуаттаған. Айтуынша, әлемдік экономиканың үштен бір бөлігі рецессияға ұшырауы мүмкін. Мәселен, 2022 жылы жаһандық өсім 3,2% болса, биыл 2,7%-ке төмендейді. Биыл бірнеше үлкен экономикасы бар мемлекеттердің дамуы төмендейді. Оған бағаның күрт көтерілуі, тасымал тізбегінің бұзылуы, пайыздық мөлшерлемелің өсуі кері әсер етеді. «Энергетиканың қымбаттауы негізгі тұтынушы елдердегі экономиканың белсенділігіт бәсеңдетеді. Сапаларынан Еуропалық Одақтың экономикасы 0,5%-тен де аспайды деп болжануда. Алпауыт АҚШ-та қиындықтан айналып өте алмайды. Федералдық резерв 9%-ке дейін өсіп кеткен инфляцияны төлеп, 2%-ке дейін түсіру үшін пайыздық мөлшерлемені көтере беруі мүмкін. Яғни, кредит қымбаттап, бизнестің дамуына кедергі келтіреді. Сонымен қатар соңғы 40 жылда алғаш рет Қытайдың 2022 жылғы дамуы жаһандық өсім деңгейінде, тіпті одан да төмен болуы мүмкін. Оған негізінен пандемия әсер еткен. Ал Ресей Украина қақтығысының созуы Еуропалық Одақтың экономикасына да оңай тимей тұр» — дейді Кристилина Георгиева. Шынында, өлем Ресей бидайы мен Ресей энергетикасының күн көре алатынын көрсетті. Дегенмен барлығы Ресей импортынан арылды деуге тағы келмейді. Бірақ Украинадағы соғыс сапаларына жеткізу тізбектері бұзылды, тасымал жолы өсті, Еуропа Ресей энергетикалық тауарларына ішінара эмбарго жариялады. Украинаның да біраз уақытқа ойыннан шығып қалуы географияда қара қуыс туғызды. Бұл өз кезегінде азық-түлік бағасының рекордтық деңгейге дейін өсуіне,

инфляция өсіміне, импортқа тәуелді дамушы елдердегі азық-түлік тәуекеліне әкел соқты. «Нәтижесінде Еуропа басқаларға қарағанда техникалық рецессияны, сонымен бірге 2023 жылды миносепен аяқтау қаупі бар. Рецессия жұмсақ болады, бірақ одан кейінгі қалпына келтіру шаралары көңіл көншітпейді. Әлемдік экономиканың 2022 жылы баяулауының негізгі себептері 2023 жылы шешілуі керек, бірақ мұның өзі жеткіліксіз» дейді FT газетінің сауалнамасына қатысқан экономистердің көпшілігі.

ЕЛДЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БАР?

Ендігі кезекте елдегі жағдайға ойысқасқ. Экономикалық зерттеулер институтының болжамы бойынша биыл мемлекет экономикасында өсім 3,8% (2022 жылы — 3,1%) болмақ. Таяуда Үкімет отырысында 2023 жылғы экономиканың нақты өсімі 5,6%-ды құрағаны хабарланды. Жалпы экономиканың барлық негізгі секторларында оң серпін байқалады. Өткен жылмен салыстырғанда сауда (+19,4%) және байланыс саласында (+18,1%) айтарлықтай өсім тіркелген. Тау-кен өндіру саласының оң аймаққа өтуі (+1,2%) және өңдеуші саланың (+1,6%) бірқалыпты өсіп жатқандығы асында өнеркәсіп саласы да 1,4%-ға жоғарылаған.

Экономиканың қазіргі даму серпіні болжамды көрсеткіштерден асып түсті. Оның алдағы даму траекториясы енді көптеген қауіп-қатерлердің қысымында болады. Атап айтар болсақ: геосаяси ахуалдың ушығуы, баға құбылмалылығы, әлемде инфляциялық қысымның күшеюі және орталық банктердің монетарлық саясатты қатаңдатуы. Бұл жағдайда Үкімет экономикаға қолдау көрсету мақсатында тиісті шараларды жүзеге асырады. Нәтижесінде алдағы дамудың негізгі драйверлері, яғни қозғалушы күштері мыналар болмақ: фиксацияланған ынталандыру, инвестициялық бағдарламалар мен бастамалардың көбеюі, негізгі капиталға инвестиция салуды арттыру. Қазақстанда өндірілген тауарлардың, оның ішінде мұнай бағасының жоғары болуы және оларға деген сыртқы сұраныстың тұрақтылығы, жаңа тұрғын үй бағдарламалары жүзеге асыру және баға қалыптастыру механизмдерін жетілдіру есебінен құрылыс саласының өсуі, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге деген сұраныстың бірқалыпты өсуі.

Бұдан бөлек, экономиканы монополиядан арылту бойынша тауар нарықтарында мемлекеттің қатысуының өсуі байқалады, басқаша айтқанда, мемлекеттік монополия орнап келеді. Бұл орайда «Мемлекеттің бизнеске қатысуы айтарлықтай артып келеді, бірақ ол тек азаю керек. Бұл тенденция бұрын болмаған сапаларда да байқалады» дейді ҚР Бәсекелестікті қорғау және даму агенттігінің Төрағасы Марат Омаров.

Президент экономика дамуының халықтың әл-ауқатымен тікелей байланысуын үнемі айтып жүреді. Сарапшылар да қазір мемлекет тиімділігінің ЖІӨ көлемімен, алтын қорымен немесе экономикалық өсім көрсеткішімен бағаланатын заманның өткенін алға тартып отыр.

ОРТАША АЙЛЫҚ — 365 МЫҢ ТЕҢГЕ

Жақында Ұлттық статистика бюросы 2023 жылғы II тоқсанда Қазақстан Республикасы бойынша айлық жалақының орташа мөні 17,1 пайызға өскенін хабарлады. Елде жалақының медианалық мөні бағалау бойынша 2023 жылдың II тоқсанында 240 779 теңгеге

2023 жыл жаһандық экономика үшін қиын болады деп болжанды. Бұл жайлы Азия экономикалық форумында Халықаралық валюта қорының басқарушы директоры Кристилина Георгиева айтқан болатын. «Жаһандық экономика біраз уақыттан бері турбулентті аймақта. Бір күннен екіншісіне тап болып жатыр. Украинадағы қақтығыс пен әлемдегі ақша-несие саясатының салдарынан биыл жаһандық ЖІӨ 3%-дан аз болады» деген пікір айтты ол.

жеткен. Ал 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы 70000 теңге мөлшерінде белгіленді. Өңірлер бойынша орташа айлық жалақының ең жоғарғы өсімі Ұлытау облысында (474 421 теңге) тіркелсе, ең төменгі өсімі Түркістан облысында (299 042 теңге) байқалған. Биылғы жылдың II тоқсанында бір жыл бұрынғы көрсеткішпен салыстырғанда орташа жалақы ең көп ақпарат және байланыс саласында 36%-ға өскен. Келік және қойма саласында — 24,6%, ауыл, орман және балық шаруашылығында — 23,7%, көтерме және бөлшек сауда, автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу саласында 21,8%-ға көтерілді. Білім беру саласында орташа айлық жалақы 10,2%-ға артса, денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуде 15,6%-ды құрады. Бірақ нақты мәнде жалақы көлемі былтырғы екінші тоқсанмен салыстырғанда құрылыста — 3,5%, тұру және тамақтану қызметтерін көрсетуде — 2,6%, білім беруі — 4,8%, сондай-ақ денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсетуде 0,1%-ға төмендеген. Бұдан бөлек, 2023 жылдың 15 қаңтарына дейін 7 жылда 3 млн-нан астам азаматты жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету үшін орталық мемлекеттік және жергілікті әкімдіктермен бірлесіп, өңірлік жұмыспен қамту картасы өзірленеді. Картада әр өңірдің жылдық жұмыспен қамту индикаторлары белгіленбек. «Өрбір ашылған жұмыс орны бойынша мониторинг. Электрондық біржада жүргізіліп, зейнетақы жарналары мен еңбек шарттарымен расталатын болады. Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру мақсатында тапшылық бар өңірлерге азаматтарды тартудың жаңа механизмдерді жүзеге асады. Мұндағы негізгі шарт — жұмыс орнының болуы және баспанамен қамтамасыз ету мүмкіндігі. Бұл шараларға азаматтардың қолжетімділігін арттыру және уақытылы ақпараттандыру мақсатында өңірлерде мобильді жұмыспен қамту, жылжымалы жәрмеңке және жылжымалы оқу жобаларын іске асырмақпыз» делінген ресми ақпараттарда.

«ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫ ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫМЕН БАЙЛАНЫСУ КЕРЕК»



Бұл акция аз қамтылған және көп балалы отбасыларға көмек көрсетуге және әлеуметтік себептер бойынша

Қыркүйек айы таяғанда жаңа оқу жылына жаппай дайындық басталады. Ата-ана баласын киім-кешек, оқуға қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету үшін барын салады. Көңілің пәс, қатарласыңан кем етпесі үшін соңғы тиынына дейін санап беруге даяр тұратыны содан. Дегенмен қос бүйірден қысатын қымбатшылық бала қалауын түгел орындауға мұрасат бермейді. Отбасындағы бірнеше баланың бабын табуға көнеттен көпесіздікке тап болуына сол себеп. Мұндайда «мектепке жол акциясы» зор мүмкіндік береді.

балалардың мектепке бармауының алдын алуға бағытталған. Жыл сайын жүйелі жүргізілетін жоба мектепке дайындық жұмыстарын жеңілдетуге негізделген. Акция астарында қазақ халқының қанына сіңген қайырымдылық пен ізгілік астасып жатыр. Себебі көмек қолын созуға ниетті

кәсіпкерлер мен жомарт жандар жақсылығын жариялауды емес, бала көңілін табуды жөн санайды. Ойлы оқушының есі кедергісіз білім алуына қажетті жағдай жасау керектігін түсінетін. Қызылорда «Қалалық жастар ресурстық орталығы» «Мектепке жол» акциясын ұйымдастырды. Әлеуметтік жағдайына

көбейіп келеді. Соның бір көрінісі ретінде бүгінгі акцияны айтуға болады. Мектеп әкімшілігі арқылы аталған көмекті қажет ететін балалардың тізімі жасақталып, анонимді түрде тізімін ұсындық. Тез арада жастар орталығының көмегімен оқушыларға көмек көрсетілді. «Қуанса, бала қуансын» демекші, балаларға адресі түрде мектеп әкімшілігі жеткізіп, табыстайтын боламыз.

және тағы да басқа кәсіпкерлер өнімдерін облыс тұрғындарына ұсынбақ. Жәрмеңкеде мектеп формалары нарық бағасынан төмен әрі жоғары сапада сатылымға шығады. Сондай-ақ, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға да арнайы жеңілдіктер қарастырылған. Иә, баланы мектепке дайындау оңай емес. Мектеп

Қырғызстан, ҚХР, Түркиядан алдырады. Отандық өндірістігі мектеп формаларының көтерме бағасының өзі қалтаға жеңіл тимейтінін тілге тиек етті. Мектеп формасы былтырғымен салыстырғанда қымбаттаған. Шалбардың сапасы жақсысы 12 мыңнан асып жығылады.

Сондықтан дәстүрлі түрде өткізілетін акция мен қарастырылған жеңілдіктер жағдайды жеңілдететін сөзсіз. Әсіресе, көмектесуде көрі



шегінбейтін кәсіпкерлер мен ізгіліктің ізін жалғаған қолы ашық жандар талай балаға қуаныш сыйлағаны анық. Асылында қыркүйектегі сыңғырлаған қоңырдаудың қоңыр үні мен баланың шат күлкісі қатар естілсе, жапа емес пе?!

Нәзік АХМЕТ

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» – ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУҒА МҮМКІНДІК

сәйкес қала мектептерінің ұсынған тізімі бойынша сұраныс қанағаттандырылды. Яғни, қалалық қоғамдық даму бөлімінің мамандары, «Qo-sul» командасы мен демалушылар көмегімен 15 оқушыға мектепке қажетті құрал-сайман мен жабдықтар табысталды. Аталған акция тамыз айының 18-не дейін жалғасады.

Ұйымдастырушыларға, демеушілерге ерекше алғыс білдіреміз, - деді Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебінің мұғалімі Айнура Қараева.

Бала игілігіне бағытталған игі істер мұнымен тоқтамақ емес. Сонымен қатар акция аясында мектеп формасына арналған жәрмеңке тамыз айының соңына дейін жалғаспақ. Ал аудандарда өткізілетін жәрмеңке 16-21 тамыз аралығын қамтиды. Бұл жәрмеңкеге жергілікті «Ас-Ка» ЖШС, «Ақжүрек мұғалімдер қоғамы» ҚБ, «Айша-бібі» тігін цехы

формасының мұны мен оқу құралдарының шарықтаған құны көпті титықтатуда. Тіпті, өткен жылы өзге қала тұрғындары да көтерілген бағаға күйінетінін жеткізіп еді.

– Әр баланы мектепке дайындауға 100 мың теңгеді қаражат қажет. Киімдер өте қымбат. 4-сыныпқа баратын ұлымың формасының өзі 40 мың теңгеден асады. Аяқ-киімді саудаласып, 15 мың теңгеге сатып алдық. Аман жоқ», - деді қала тұрғыны С.Алтайқызы. Қымбатшылықты сатушылар да мойындайды. Тауарды

Костюм-шалбардың бағасын айтпай-ақ қояйық. Айтпай-ақ айтпай не керек?! Мектеп формасын алғанда бір жейде мен бір белдемшемен шектелмейсің. Өйткені төрт тоқсан бойы оқитын оқушы үшін бір жейденің тоз-тозы шығатыны белгілі. Сондықтан жыл сайын ата-ананы алаңдататыны форманың әуресі мен бағасы. Ал бұл аз қамтылған отбасы үшін қалтаға салмақ салатыны түсінікті.

Соңғы жылдары қаладан өзгеріс сезіледі. Жолдар жаңарып, мәдени-әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Мұны жерлердің туған жерді көркейтуге қосқан үлесі десек те, аймақ басшылығының ілімді ісіне баласақ та болатындай. Не де болса, жақсы қадамның игілігін қала тұрғындары көретіні қуантады.

Жұырда аймақ басшы Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы құрылысы қарқын алған бірқатар нысанды аралап, «Қызылорда» су торабындағы жеңуде жұмыстарымен танысты. 2020 жылдан бері апатты жағдайдағы су торабы жеңілуде. Мердігер мекеме «Caspien Contractors Trust» ЖШС жеңуде жұмыстарын биылғы желтоқсан айында аяқтайды деп хабарланған. Бөгетте 16 метрлік бес аралық бар, олар қапалармен және апаттық-жеңуде шандорларымен жабылған.

Мұнан әрі Нұрлыбек Машбекұлы Султан Бейбарыс көшесіндегі «Неке сарайының» құрылысымен танысты. Жалпы аумағы 2 мың шаршы метрден асатын зәулім ғимараттың құрылысы бытыр қыркүйек айында басталған.

Облыс әкімі жақын күндері ашылған тұрғын үй құрылысы комбинатының жұмысымен де танысты. Комбинат еден, жол плитасы, іргетас блоктары,



мандайша, таспалы іргетас, баспалдақ сияқты өнімдер шығарады. Жаңа зауыт сағатына 80 текше метр тауарлы бетон және күніне 120 текше метр темір-бетон бұйымдарын өндіруге қауқарлы. Кәсіпорында 100-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылды. Әрі қарай аймақ басшысы орталығының құрылысын көрді. Нысан жақын арада халық игілігіне табысталамақ. Ғимарат белгілі кәсіпкер, меценат Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен 1,5 млрд. теңгеге салынууда. Бұл орталықта қыз-келіншектерге, жас отбасыларға, балаларға ұлттық құндылықтар дәріптеліп, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер жаңғыртылады. Келушілерге

сән мен сымбат, үй тұрмысы, қонақ күтуді үйрететін, жан-жақты психологиялық көмек беретін кабинеттер болады. Мұнан бөлек, нысанға шығармашыл жандарға арналған әдебиет және поэзия, дизайн студиясы мен би орталығы, жас отбасыларға қызмет көрсету бөлмелері орналасады.

Аймақ басшысы Абай даңғылы №47, 51, 51 а тұрғын үйлерінің ауаларын абаттандыру жұмыстарын да көрді. Маусым айынан бері демеушілердің қолдауымен 1 млрд 100 млн теңгеге облыс орталығындағы 50 үйдің қасбеттері заманауи панелдермен қапталуда. Оған қоса демеушілер 1 млрд теңгеге 20 көпқабатты тұрғын үйдің ауаларын абаттандыруда. Заманауи спорт алаңдары, тротуарлар, жарық бағаналары жаңартылуда.

Облыс әкімі жылына 33 мың тоннадан астам өнім өндуге қауқарлы «Мағжан және К» ЖШС-ның күрші зауытында болды. Кәсіпорын заманауи жоғары технологиялық құрал-жабдықтармен жабдықталған және бірыңғай автоматтандырылған жүйе арқылы басқарылады. Н.Нәлібаев ішкі нарыққа және ішінара экспортқа жіберілетін йодталған техникалық және ас тұзын өндіретін «Ассоль» зауытын да аралады. 2021 жылы компания өнімдер мен қызметтердің сапасы бойынша ҚР Президентінің «Алтын сапа» сыйлығының жеңімпазы атанған болатын.

Р.МАҚСҰТ

АЙМАҚ КӨРКІ ӘРБІР ТҮРГЫНҒА БАЙАНЫСТЫ

Байқасақ, ауласына тазалық жұмыстарын жүргізіп, жасыл желекке орайтын адам кемде-кем. Кейде көшеден өтіп бара жатып, ауласы лас үйді көрсек «неге тазаламайды екен?» деген ойға келеміз. Анығында ауланы таза ұстау көп адамның қолынан келе бермейді. Себебі кей тұрғындар оған немісқұрайлы қарап, тал екпек түйгі қойысты алудың өзіне еріншектік танытады. Тек есігінің алдын ғана емес, көпқабатты үйдің алдын безендіріп тастайтындар бар. Оларға қарап сүйсінесің. Беріне қалай уақыт табады дейсің. Бірақ айналып келгенде бұл қоршаған ортаға, қоғамға деген жауапкершілік, қаладағы Сырдария шағын ауданындағы көпқабатты үй тұрғыны Марат Түлепбаевтың еңбегі бағалауға лайықты. Оның өзгелерден ерекшелігі, ауласын гүл шоқтарымен безендіргені.

Көпқабатты үйдің жанынан іздеген гүлнізді табуға мүмкіндік бар.

– Күні-түні жасаған еңбегім бағаланады деп ойламадым. Еңбектің бағалануы үшін әрекет етпедім. Қала бәрімізге ортақ. Ауланы таза ұстау ғана емес, оны көркейтуді, көгалдандыру жастарға үлгі болсын дегенім. Мақсатым – өзгеге сабақ болатын іспен айналысу. Өзім 2018 жылы зейнетке шықтым. Көршім аулаға жабайы жүзім ағашын екті. Кейін басқа жаққа қоныс аударып, еңбегім маған аманат етті. Аманатқа қиянат жасамайын деп бос уақытымда ауланы суарамын. Содан ағаш отырғызуды бастадым. Алғашында өзгелер «Мына жерге тал шыға ма?» деп күлгенді. Содан қарамастан қолымнан келгенін жасадым. Негіз біздің аула құмды жер. Осы жерді гүлдендіруді мақсат еттім. Ол үшін күзде жапырақ төгілгенде барлығын

жинап, жерге көмдім. Сол көмілген жерге арнайы тыңайтқышын суға араластырып сеуіп, ағаш отырғыздым. Осылайша «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деп талшын, мамырғұл, катальпа ағаштары және гүл жайқалып шыға келді. Ағаштардың жайқалып өсуіне шіріген жапырақ пен тыңайтқыштың көмегі көп, – дейді келіпкер. Жұырда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен «Үлгілі елді мекен» облыстық байқауы жеті аудан мен қала арасында өткенінде айта кетсек. Бұл байқауда Марат Түлепбаев «Қызылорда тазалығы» ЖШС-нің ұсынысымен бақ сынаған еді. Кейіпкеріміз тұратын Сырдария шағын ауданы «Қызылорда қаласының үлгілі шағын ауданы» номинациясы бойынша II орын жеңімпазы атанып, шағын ауданға сый ретінде демалыс алаңы салынатын болды. **Мөлдір САБЫРЖАН**



Жыл өткен сайын қала көшелері көркейіп, аймақ ажары айшықталып келеді. Көшелерге гүл мен ағаш егіліп, арнайы белборттар ілініп, туған жеріміздің мерейі артады. «Тазалық табылдықтан басталады» дейді халық даналығы. Осы сөзді жадында сақтаған қала тұрғындары көрнеуіге атсалысса, өз ауласындағы тазалық пен әсемдікті де естен шығармайды. Жыл сайын «Қала күні» мөркеісі аясында Қызылорда қаласы әкімдігінің әлеуметтік желілердегі парақшалары арқылы «Үздік аула» байқауын ұйымдастыру дәстүрге айналған. Байқаудың бір ерекшелігі, қала тұрғындары үздік ауланы өздері таңдайды. Сондай-ақ «Үлгілі елді мекен» облыстық байқауы да ұйымдастырылды.



Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы Наурызбай Байқадамов, облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Баймамов және Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шаменов БАҚ өкілдеріне баспасөз конференциясын өткізіп, Сыр өңіріндегі серпінді бастамаларды баяндап өтті. Бұдан бөлек, Қызылорда облысының 85 жылдық мерейтойына орай өңірде өткізілетін шараларды тізбектеді.

— Сыр елінің қойнына бүккен қазына-жауһарларына ерекше мән беріп баптау, оларды халық арасында кеңінен насихаттау өскелең ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеуге және Тәуелсіздіктің құндылығын ұғындыруға ықпал етеді. Отанға деген сүйіспеншілік — жиындарда ұран тастау немесе аң шырқау емес. Отаншылдық — шынайы патриоттық сезім. Барлық

«Руханият» орталықтары салынады

азаматымызда жауапкершілік болса ғана, іс оңға басады. Тамырын тереңнен тартып, руханиятымен тау тұрғызан Сыр жұртшылығы жарқын болашақ жолына тура таңдау жасап, ауызбіршіліктің үлгісін көрсететіндігіне сенімдімін. Жалпы, алдағы қоғамдық-маңызды шаралар тұрақтылықты, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға ықпал етеді. Осы орайда, облыс әкімінің бастамасымен аймағымыздың 7 ауданында музей, кітапхана, мұрағат, неке қию залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтары сынды бірқатар тарихи-мәдени, рухани ұйымдарды біріктіретін типтік үлгідегі «Руханият» орталықтары салынады, — деді Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы Наурызбай Сейталиұлы.

Сыр өңірінің 85 жылдық мерейтойы аясында облыста көптеген игі шаралар ұйымдастырылады. Бұл — Сыр маржанына орақ түсіп, қамба астыққа толып, шаруа адамы ілтипатқа бөленетін кезең. Қызылорда қаласының күнімен ұштастыра отырып, мерекелік шаралар өткізу де облысымыздың айтулы мерейтойына ерекше мән берілетіні анық. Негізгі шараларға тоқталып өтсек, жыр кештері, кітап көрмелері, Қызылорда туралы ретро концерт, халықаралық фольклорлық музыкалық өнер фестивалі, республикалық ақындар айтысы, бірқатар мемлекет және қоғам қайраткерлерінің өмірі мен қызметіне арналған танымдық конференциялар ұйымдастырылмақ.

Аймақтың қоғамдық-саяси дамуы мен тарихи оқиғаларынан сыр шертетін республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізу жоспарлануда. Бұдан бөлек, облыстың 85 жылдық тарихын кеңінен айшықтайтын «Қызылорда облысы: тарих, бүгін, болашақ» тақырыбында арнайы деректі фильм түсіру қолға алынды. Бұдан бөлек, жоғары мазмұнды кітап шығару және аймақтың көрікті жерлері бейнеленген «ФОТО КИТАП» әзірлеу жұмыстары да жүргізілуде. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Алтын дән — 2023» мерекесінде ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері, бөйге сайыстары ұйымдастырылып, бұл күн салтанатты шарамен қорытындыланады. 25 қазан — Республика күніне орай тақырыптық конференциялар мен салтанатты жиындар, 15 қараша — Ұлттық валюта теңгенің 30 жылдығына мерекелік шаралар ұйымдастырылмақ, — деді Шахмардан Асқарұлы.

Биыл Қызылорда қаласына — 205 жыл. Қалыптасу тарихының әр кезеңі жеке-жеке баяндалып, зерделенетін, азат еліміздің дүмән байрағына, салтанат тұғырына айналған, өзгеріс ісімен өңектелген талағай табысқа толы Тәуелсіздік жылдарындағы Сыр өңірінің жарқынды дамуына шолу жасалатын Қала күні барша қызылордалықтар асыға күтетін мерекелердің біріне айналды. Қала күнін мерекелеуге байланысты 20 тармақтан тұратын іс-шаралар жоспары бекітілген.

— Қыркүйек айының басы мен қазан айының екінші он күндігіне дейін арнайы бекітілген жоспар бойынша шапарту турғындары мен қонақтарына мерекелік көңіл-күй сыйлайтын түрлі деңгейдегі мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастыру жоспарлануда. Нақтырақ айтқанда, қалалық «жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен түрлі деңгейдегі шаралар, және осы күні дәстүрлі «Жастар карнавалы» шеруі өткізіліп, республикалық жайдармашылардың фестиваліне ұласады. Қала күніне арналған мерекелік шаралардың салтанатты ашылуы орталық алаңда өтеді деп күтілуде. Одан кейін облысқа қарасты 7 аудан ауыл шаруашылық жәрмеңкелерін, кешкі уақытта мерекелік концерттік бағдарламаларын ұсынады, — деді қала әкімі Асылбек Әмірбекұлы.

ЕРІКТІЛІКТІҢ ЕРЕКШЕ ҮЛГІСІ

Сырдария аудандық «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен «Жастар күні — жастарға жарқын жол» атты гала-концерт өтті. Шараға аудан әкімінің орынбасары Димаш Байдушев қатысып, ауданның жалынды жастарын мерекелем құттықтады.



— Сырдариялық жастар барлық бастамалардың басында жүр. Қайсалада болмасын белсенді. Олар мемлекеттік қызмет, білім, мәдениет, спорт және басқа салаларда жетістіктерге жетуде. Сонымен қатар аудан жастары еріктіліктің ерекше үлгісін көрсетіп келеді. Олар ұйымшылдықпен тұрғындарға көмек көрсетуге үнемі аталысады және қайырымдылық жасаудың алдыңғы шебінде жүреді, — деген ой айты.

Мерекелік шарада белсенді жастар аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, «Жаңа Қазақстанды бірге құрамыз» патриоттық акциясын ұйымдастырды. «Қазақстан дауысы» мегажобасының жеңімпазы, аймақ мақтаншы дауысы Құрапай Меірамабек және ауданның көркемөнерпаздары әуелете аңшырады.

Бұдан бөлек, ауданда «Сырдария барысы» турнирі өтті. Оған аудан әкімі Берік Сарменбаев арнайы қатысты. Аталған турнирге аудан намысын қорғап жүрген 12 палуан қатысып, босқилемде өзара тартысқа түсті. Турнирдің мақсаты — салауатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау, жастарды ұлттық спорт түрлеріне баулу.

ЖАЛАҒАШТА ЖАСТАР АЛЛЕЯСЫ САЛЫНА МА?



Халықаралық жастар күніне орай Жалағаш ауданы әкімі Асқарбек Есжанов аудан жастарымен кездесті.

Өңір басшысы басқосуда ашық пікір алмасып, ұтымды ұсыныстар арқылы жүйелі жұмыс жасау тетіктерін қарастыру қажеттігін айтты. Алдымен Асқарбек Есжанов Жалағаш ауданында жастар саясатының жүзеге асырылуы барысына тоқталды.

— Аудан бойынша 35 жасқа дейін 10966 жас бар, бұл жалпы халықтың 30 пайызын құрайды. Қазір мемлекеттік жастар саясатын қаржыландыруға жергілікті бюджеттен 18 млн теңге және жастарды дамыту мен қолдауға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде 3 жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 4,2 млн теңге қаржы бөлінді. Жастарды кәсіпкерлікке тарту бағытында да нақты жұмыстар атқарылуда. Аудан бойынша қазіргі уақытқа дейін 1273 субъекті немесе 38 пайызын 18-35 жас аралығындағы жас кәсіпкерлер құрап отыр. Жыл басынан ауданнан мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпкерлік бастау немесе дамыту бағытында 15 жастың жобасы 132 млн теңгеге қаржыландырылды. Сондай-ақ, жыл басынан «Аграрлы несие корпорациясы» АҚ арқылы жастар кәсіпкерлігін бастау немесе дамыту бағытында аудан бойынша 22 жоба ұсынылып 11 жоба 51,5 млн теңгеге қаржыландырылды. Біз мұнымен тоқмөйісіп қалмауымыз керек, — деді А.Есжанов.

Кездесу барысында жастар тарапынан ұтымды ұсыныстар айтылды. Аудан әкімі жастардың дамыған заман талабына сай әрқыз жанаңшыл болу қажеттігін тиек етті. Белсенді жастардың бірі Бақдәулет Шарапат Жалағаш кентінің орталығынан жастар аллеясы салына деген аудан жастарының ұсынысын жеткізді. Бұл ретте Асқарбек Есжанов бұл ұсынысты қолдайтынын айтты.

STARTUP JOLY: 2 МЛН ЕНШІЛЕ!



Қайтарымсыз грант пен түрлі байқаулар көз алдында өтуде. Ал кей жастар сол мүмкіндіктерден құр қалады. Себебі, неден бастарын толғып білмейді. Бұл ретте біз @kuzylordahub арнайы жастар үшін Startup Joly инкубациялық кезеңін бастағанын хабарлаймыз.

Startup Joly бағдарламасы — әрбір қатысушының жобасын идеядан прототип деңгейіне дейін дамытып, инвестиция тартуға көмек береді. Тегін білім алып, жобаны дамытып, 2 млн теңге жұлде қорын иеленуге де мүмкіндік бар.

Сонымен қатар, «QazInnovations» ұйымының 100 млн теңгеге дейінгі гранттық қаржыландыру бағдарламасына қатысу мүмкіндігіне ие болуға болады.

Өтінім беру үшін www.kuzylordahub.kz сайтына өту қажет. Ал қосымша сұрақтар бойынша 7 (705) 729-12-07 нөміріне хабарласуға болады.

5000-ҒА ЖУЫҚ ТАЛАПкер ГРАНТ ИЕГЕРІ АТАНДЫ



2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша облыс көлемінде 8 051 бітіруші түлек бітіріп, олардың 7 219-ы ҰБТ-ға қатысты. Тестілеу нәтижесімен жоғары оқу орындарына 6 418 оқушы құжат тапсырып, 4 973 талапкер мемлекеттік білім беру грантына қол жеткізді. Өткен оқу жылымен салыстырғанда грант иегерлерінің саны 885 түлекке көбейіп отыр.

Гранттардың бөлінісі бірнеше басым бағыттарға қарай тағайындалды. Атап айтқанда, 1 770 талапкер педагогика саласына грантқа түссе, медицина мамандығына 491, ауыл шаруашылығы және техникалық мамандықтар бойынша 1 765 оқушы грант иегері атанған.

Айта кетейік, 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша «Алтын белгі» белгісін алған түлектердің 205-і, яғни 43,2 %-ы педагогикалық бағыттағы мамандықтарға оқуға қабылданып отыр.

Бұдан бөлек, жаңа оқу маусымы жақын. Осыған байланысты өңірде «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы бастау



алған болатын. Ол тамыздың 1-нен бастап қыркүйек айының 30-на дейін жалғасады. Бүгінде облыс бойынша 29 774 балаға көмек көрсету жөнінде өтініш түсіп отыр. Қазіргі таңда құжаттарды қабылдау және сәйкестігін қарау жұмыстары жалғасуда.

Биыл берілетін материалдық көмектің мөлшері 40 567 теңгені құрайды. Сонымен қатар, облыста кәсіпкерлердің қолдауымен мектеп жәрмеңкелері ұйымдастырылады. 5-30 тамыз аралығында Қызылорда қаласы, Қорқыт Ата көшесі №55 мекен-жайындағы «SMALL» сауда орталығы ғимаратының алаңында отандық тауар өндірушілердің жәрмеңкесі өтеді. Онда жеңілдетілген бағамен мектеп киімдері мен кеңсе тауарларын сатып алуға болады, — деді облыстық білім басқармасының балалар мен



жасөспірімдерді әлеуметтік қорғау бөлімінің басшысы Шолпан Жүнісова.

16 жыл қатарынан дәстүрлі түрде өткізіліп жатқан «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы биыл «Жақсылық жаса» ұранымен жалғаспақ. Акция аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан, сондай-ақ, асыраушысынан айырылған, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған.



АРАЛДА ЖАҢА КЕШЕН
АШЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Ақмәл Әлімжанов, Руслан Рүстемов және Мәжіліс депутаты Мурат Ерғешбаев Арал ауданына жұмыс сапарымен барып, Қамыстыбас ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсіміне қатысты.

Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын құттықтап, Сыр өңірінде заманауи үлгідегі спорттық нысандар көптеп салынып отырғанын айтты.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Аса маңызды мәселелердің бірі – ауылды кешенді түрде дамыту. Ауылдарға нақты қолдау көрсетіп, заманауи инфрақұрылымды дамыту керек», – деген болатын. Президент пен Үкіметтің Сыр өңірін ерекше қолдауының арқасында аймағымызда ауқымды жобалар жүзеге асуда. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында алдағы 3 жылда 100 мың теңгеден астам қаржыға 21 мектептің құрылысы жүргізіледі. Оның 4-еуі Арал ауданында бой көтермек. Биыл 10 мектептің құрылысы басталса, оның екеуінің іргетасы Арал қаласы мен Сексеуіл кентінде қаланады. Өткен жылы Аманөткел ауылындағы кешен қолданысқа берілсе, жақын күндері Жақсықылшы кентіндегі дәл сондай денешынықтыру-сауықтыру кешенінің іргілігін халық көре бастайды», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

САМБОШЫЛАР
ЕКІ «АЛТЫН» АЛДЫ

Беларусьте өтіп жатқан ТМД елдерінің ойындарында Қазақстан құрамасынан самбошылар мен каратшілер жеңіс туғырынан көрінді.

ҚР МСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Спортты дамыту дирекциясы мәлім еткенде, жарыстар Беларусьтің екі қаласында, атап айтқанда, самбодан Жлобин қаласында, каратеден Могилев қаласында өткен.

Самбодан ел құрамасы 2 алтын және 3 қола медальді қаңжыға байлады. 58 келіде Жасұлан Нариманов және 71 келіде Арнұр Қуатай салмағы бойынша белдескендердің бәрінен басым болып, алтын медаль алды. Ал 50 келіде Айжан Жылқыбаева, 72 келіде Шынар Абатова, 88 келіде Еламан Қойшыбаев қола жүлделерге қол жеткізді.

Каратедан ел құрамасы 1 алтын, 1 күміс медаль алды. УСК каратэнің ката бағдарламасында Лия Қошқарбаева алтыннан алқа тағып, каратэнің күмте бағдарламасында Әбілмансұр Батыргали күміс медаль еншіледі.

«ҚАЙСАР» ЕСЕ ЖІБЕРДІ



Қызылордалық «Қайсар» алаңында Шымкенттің «Ордабасы» клубын қабылдады. Премьер-лига командалары арасындағы 19-турды қорытындылаған кездесуде жанкүйерлер қызықты ойын тамашалады.

Алғашқы минуттан командалар тартысты ойын өткізді. Алма-кезек шабуылға ұласқан ойын барысында шымкенттік клуб жылдам гол соғу мүмкіндігін іздеді. Нәтижесінде 13-минутта «Қайсар» қорғаушыларының өрескен қателігін шебер пайдаланған «Ордабасы» футболшысы Сергей Малыш көздеген нысанадан мұлт кеткен жоқ.

Екінші кезеңде «Қайсар» азулы қарсыласынан қаймықпай, қарсы шабуылдар ұйымдастырды. Осындай сәттердің бірінде төрешілер белгілеген пенальтиден қызылордалық клубтың жартылай қорғаушысы Дмитрий Бородин мұлт кеткен жоқ. Бұдан кейін 71-минутта «Ордабасы» капитаны Асхат Тағыбергелінің алыстан тепкен добына «Қайсар» қақпашысы Степан Сикач тосқауыл қоя алған жоқ. Ойынның 74-минутында алаң иелері қатарынан Василий Совпель қорытынды есепті белгіледі.

Осылайша қызылордалық ұжым қарсыласына 2:3 есебімен есе жіберді. Дегенмен турнир кестесіндегі сегізінші орынды сақтап қалды.

Енді жерлестеріміз 20 тамызда елордада «Астана» шеберлік байқасады.

Бетті дайындаған: Берен ШАҒЫРОВ

2000 жылы Жалағаш кентінде дүниеге келген Арайлым он екі жасында дзюдо үйірмесіне барған. Жас өрнеге спорттың әліппесін үйреткен бапкері Арман Молдаханов жетістікке жету үшін үлкен еңбек қажет екенін ұғындырды. Әрбір жаттығу барысында бұрын өзіне беймәлім спорттың қыр-сырына қанығады. Осылайша ол дзюдоға бауыр басып, асқақ арман алға қарай жетелей түсті.

– Әкем Бақыт пен анам Гүлнар таңдауыма қарсы болған жоқ. Қайта жетістігіме қуанып, алдағы жарыстарға қолдау көрсетіп отырады. Әрбір бәсеке алдында ол кісілердің батасын алуға тырысамын. Бұл маған қанат бітіріп, күш қосқандай болады, – дейді Арайлым.

Кейіпкеріміз 2013 жылы Жалаңтөс баһадүр атындағы спорт мектеп-интернатына оқуға түсті. Талантты балалардың басын қосқан оқу орны талай чемпионды тәрбиелеп шығарды. Мектеп-интернатта Арайлым білікті мамандардан тәлім алып, шеберлігін одан әрі жетілдірді. Көптеген жарыстарға қатысып, толайым табыстарымен бапкерлерін қуантты. 2017 жылы спорт-интернатты тәмәмдаған ол бұл саладан алыс кете қойған жоқ. Бүгінде полиция қызметінде жүрсе де спорттан алшақ емес.

– Жалпы, сақшы қызметі қашанда қырағылықты қажет етеді ғой. Менің спортпен айналысуыма ол ешбір кедергісін келтірмейді деген ойдамын. Әлем чемпионатына барардан бұрын басшылық тарапынан демеу көрсетіліп, жарысқа тығылықты дайындауыма барлық мүмкіндік жасалды. Бұл үшін әріптестеріме ризашылығым шексіз. Әлемдік додаға қатысар алдында көңілде қобалжу болғаны рас. Жеңіс үшін бар күшімді салдым. Бес қарсыласпен шеберлік байқастым. Кейбір белдесу

СЫР САҚШЫСЫ ЖЕҢІС ТӨРІНДЕ

қиынға соқты. Жартылай финалда ресейлік балуанмен жолықтым. Екеуіміз бұдан бұрын да кездескен едік. 2022 жылы Әзербайжан қаласында өткен Әлем чемпионатында ол мені жеңіп кеткен еді. Сол кеткен есемді қайтаруға мүмкіндік туды. Есеп – 6:2. Менің пайдама шешілді. Финалда жолыққан өзбек балуанымен алғаш рет кездесуім. Екеуімізге де оңайға соққан жоқ. Дегенмен қарсыласым жиі төртіп бұзып, төрешілер тарапынан ескерту алды. Осылай жеңіс мен жаққа шықты, – дейді Арайлым.

Балуан қыз белбеу күресінен өзге дзюдо және самбомен айналысады. Оның айтуынша, өңірде дзюдо жақсы дамыған. Оған жергілікті балуандардың жетістіктері нақты дәлел бола алады.

– Қазір ел құрамасында әлемдік додаларда сыңға түсіп жүрген Мағжан Шәмшаддин,

Астанада белбеу күресінен өткен Әлем чемпионатында қызылордалық полиция Арайлым Оразбай 76 келі салмақта жеңімпаз атанды. Арайлым облыстық полиция департаментінде жылдам қимылдайтын арнайы жасағы саптық бөлінісінің инспекторы қызметін атқарады.



Абылайхан Жұбаназар деген қызылордалық жастар бар. Жерлестеріміз түрлі сайыстарда Қазақстан намысын абыроймен қорғап келеді. Олардың алдағы Париж Олимпиадасына қатысуға мүмкіндігі зор, – дейді ол.

Айту керек, қызылордалық бапкерлер әйелдер арасындағы дзюдода да талай жұлдызды жол ашты. Олардың қатарында Жамал Бозова, Жанар Жанұзынова, Нұрғұл Тағаева секілді спортшылар бар. Кезінде талай бәсекенің көрігін қыздырған салпақтар қазір өздері шәкірт тәрбиелеп, жергілікті спорттың дамуына зор үлес қосып келеді.

Ө. ТАЛАПАН

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ ҚАЙТА ОРАЛАДЫ

Мәдениет және спорт министрлігі қазақ күресі спортын дамытуда бірқатар жұмыс жүргізуде. «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңға енген соңғы өзгерістерге сәйкес, Білім және ғылым министрлігімен тығыз жұмыстар жүргізілуде.

Ұлттық спорт түрінің компоненттері білім саласының барлық деңгейінде дене шынықтыру пенінде енгізіліп жатыр.

Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өкен брифингте ҚР МСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Ұлттық спорт түрлері және спорттағы мүмкіндігі шектеулі тұлғалармен жұмыс басқармасының басшысы Мейрамбек Махамбетов мәлімдеді.

«Ұлттық спорт түрлерінің тізімі бекітілді. Алдағы уақытта «қазақ күресі», «асық ату» және «тоғызқұмалақ» спорт түрлерін мектеп бағдарламасына енгізу жоспарлануда. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 4-17 жастағы балаларға спорт секцияларына тегін қатысуға мүмкіндік беріліп отыр. Ережелерге сәйкес, тізімге 70-тен астам спорт түрі енді», – деді спикер.

Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Астана қаласының 28 мектебінде қазақ күресі вариативті пән ретінде оқытылады. Бұл туралы Қазақ Күresi Ассоциациясының атқарушы директоры Дамир Бекбоынов хабарлады.

Оның айтуынша, бұл бағытта кешенді жұмыстар жүріп жатыр. Оны пән ретінде оқыту ең алғаш 2021 жылы Астана қаласындағы мектептерде апробациядан өткен еді. Оған қоса Назарбаев Зияткерлік мектептерімен бірге 2020-2021

оқу жылына арналған қазақ күресін дамыту жөніндегі іс-шаралардың бірлескен жоспары әзірленіп, іске асырылған. Пилоттық жобаның тиімділігі айқындалып, жақсы нәтиже көрсеткендіктен бүгінде Астананың 28 мектебінде қазақ күресі оқытылады.

«Елімізде қазақ күресімен жүйелі түрде айналысатындардың саны 159 мыңға жетті, 4 427 қазақ күресі үйірмесі жұмыс істейді. Ұлттық спорт түрін дамыту бағытындағы кешенді жұмыстың нәтижесінде Мәдениет және спорт министрлігі бұл көрсеткішті одан әрі арттыруға ниетті», – деді Қазақ Күresi Ассоциациясының атқарушы директоры.

Сондай-ақ ҚР МСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Ербол Мырзобосыновтың айтуынша, қазақ күресі әсіресе аудандарда, ауылдарда

қарқынды дамып жатыр, өйткені бұл шығыны аз, көпшілік үшін қолжетімді спорт түрі болып саналады. Қала жастарын да ұлттық спорт түріне баулу мақсатында жұмыстар жүргізілуде. Қазақ күресі тек спорттың бір түрі ғана емес, жастардың жігіттік болмысын қалыптастыратын тәрбие құралы екенін ескерсек, ұлттық спорт түрін мектеп бағдарламасына енгізудің маңызы жоғары.

МСМ баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, ұлттық спорт түрін пән ретінде оқыту ең алғаш 2021 жылы Астана қаласындағы мектептерде апробациядан өткен.

Сондай-ақ Назарбаев Зияткерлік мектептерімен бірге 2020-2021 оқу жылына арналған қазақ күресін дамыту жөніндегі іс-шаралардың бірлескен жоспары әзірленіп, жүзеге асырылды. Пилоттық жоба тиімділігін көрсетіп, жақсы нәтиже берді.



Алаш аристарының бейнесі — бренд



карайтын болдық. Біздің тарихты жасаған кімдер? Алаштықтар. Сондықтан тарихымызда ұялатын ештеңеміз жоқ екенін, бабаларымыздың кім екенін білу — міндет. Маркетинг пен өткенімиздің бірге жаңғырып жатқанына ризамын», — дейді шиелілік ұстаз Аружан Маратқызы.

Сондай-ақ алаштықтардың бейнесі брендке айналғанын атап өттік. Оған дәлел — ата-бабаларымыздың тұлғасы мен бет-бейнесі көрініс тапқан киімдер мен заттардың, қабырға суреттерінің, аталған дүниелерге халық сұранысының артуы. Әрине, алдағы уақытта да брендтегі дүниелерге тапсырыс пен сұраныс көбеймесе, азаматсыз анық. Өйткені жаңы бейнеленген теңгенің нұсқасын әлеуметтік желіге жариялаған болатын. Елдігіміз үшін күрескен қайраткерлердің бейнесіндегі теңге анағұрлым мағыналы әрі тартымды көрінеді.

Мәселен, 500 теңгеде бүкіл Түркістанның тәуелсіздігі үшін күрескен Сұлтанбек Қожанұлы бейнеленген. Ал, 1000 теңгеде алашордалық Міржақып Дулатұлы, 2000 теңгеде ұлт ұстазы

Ахмет Байтұрсынұлы, 5000 теңгеде Мұстафа Шоқай, 10 000 теңгеде Кенесары хан, 20 000 теңгеде Алаш қозғалысының негізін қалаушы Әлихан Бөкейханды көруге болады.

Идея иесі — алматылық Диас пен Әйгерім есімді жас жұбайлар. Олар әлеуметтік желідегі парашаларында еліміздің тарихы мен салт-дәстүріне қатысты қызықты жобаларды белгісіз отырды.

Жас жұбайлар Түркияға барған сапарында теңгемізге неге алашордалықтарды бейнелемесе деген ой келген. Өйткені Стамбұлда тақимге ақша төлегенде олардың 200 лиранда Мұстафа Кемал Ататүрік бейнеленгенін көрген және бұл кім деген сұраққа тақим жүргізушісі мүлдірместен жауап берген. Оның үстіне ақшада бейнеленген адамды ел тұрғындарының бәрі жақсы біледі.

«Таксист бізден ұлттық теңгемізді сұрады, өйкені қарай қолымызда теңге болмады. Оның үстіне теңгемізде абстрактылы суреттер бейнеленген. Иә, дизайны өте әдемі, бірақ ешқандай мағынасы жоқ. Егер ақшада қоғам қайраткерлері бейнеленгенде мен ондай адамдар, олардың мемлекетке сіңірген еңбегі жайлы баяндап берер едім. Сайып келгенде банкноттар еліміздің тарихы мен ұлы тұлғаларымызды таныстырушы ғой. Бұрын 100 теңгеде Абылай хан, 200 теңгеде ап-араби бейнеленгенін білемін, осылайша теңгеге ұлы адамдарды бейнелесем деген идея келді», — дейді Диас.

Демек Алаш аристарының бейнесін ұрпақ санасында жаңарту — баршымызға ортақ парыз.

Дина БӨКЕБАЙ



сідік алып, тех-нология мен

ақпаратқа қол-жетімділік арқан сайын өткеніміз өзгеше жаңғырып, бүгінгі буын үшін тарихымыз таныла түсті.

азаттығы жолында барын беріп, түрмеде отырып-ақ ұрпағының сауатты, саналы болуы үшін тірескен алаштықтардың ерен еңбегі күнделікті тұрмыста жиі айтылып, принт пен қабырға суреттеріне бейнеленуі арқылы елесте бастады. Мәселен, жақында Қызылорда облысында жедел тамақтану орынының қасбетінде Алаш аристарының портреті бейнеленгені туралы жаңалық көпшіліктің

көңіліне қуаныш сыйлағаны жасырын емес. Ақта кетейік, аталған кәсіпкерлік нысаны Шиелі ауданының орталығында орналасқан. Көз сүйсінерлік көріністі алғашқы болып журналист Ержан Қожас әлеуметтік желідегі парақшасында жариялады. Қасбеттен Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханды, Міржақып Дулатұлының бейнесін көруге болады. Бұл кәсіпті жергілікті жас кәсіпкерлер Дінмұхаммед Дәуренбеков пен Ержан Ақбергенов бастаған екен. Екі дос 2016 жылдан бері бизнеске бет бұрған. Соның ішінде фаст-фуд саудасының да көрініс қыздырған. Ал мұндай орындарға жастар жиі бас сұратыны анық.

Суреттің авторы — қызылордалық жас суретші Дәулетбек Тойшыбаев. Алаштық ата-бабаларымыздың сұлбасын дәл суреттеп, жансыз бейнеге жан бітірген дарынның шығармашылығын тамақтануға келген жұрттың лайықты пікірі мен ілтипатпен анағұрлым болады. «Шиелінің орталығында орналасқан тамақтанатын орын бізміздің сүйікті жеріміз. Тамақтары дәмді, сервисі жақсы. Ал жақында Алаш аристарының бейнесі қабырғалардың көрініс ашқанын көріп, тіптен қуанып кеттік. Кез келген ғимараттың дизайны, ондағы қосымша суреттер мен жазулар — маркетингтің басты құралы. Алаш аристарын көрсету арқылы жастардың тарихымызға, ата-бабаларымыз маңдай теріне деген құрметін арттыруға болады деп ойлаймын. Ұлттық нақыш, қазақша дүние десе, бұрын кез келген жерге оқуды жабыстырып шыға келетін еді. Ал қазір тарих пен танымға сүйеніп, басқаша көзқараспен

Ержан Жақыпов — белсенді жастардың бірі. Ол Сырдария аудандық «Жастар ресурстық орталығында» директор қызметін атқарған. Сол кезде жастармен жұмыла жұмыс істегенін

Уақыт өте кәсіпке бет бұруды жоспарлады. Шындығында «кәсіп ашу керек» деген ой болғанымен неден бастарымды білмедім. Ойда жүрген біраз жоспар, жоба болды. Дегенмен біреуіне тоқтау керектігін түсіндім. Осылайша «Әжемнің айраны» деген атпен өнім шығаруды қолға алдым. Айран екі үйдің



«Әжемнің айраны»

СҰРАНЫСТА

білеміз. Бүгін де жас кәсіпкер атанып, бизнеске бет бұрды. Жақында қолға алған «Әжемнің айраны» деген өнім әлеуметтік желіде үлкен сұраныста.

— Қаншама жасқа кәсіп ашудың қыр-сырын, пайдасын, тиімділігін үйретіп келдік. Оның ішінде ісін дөңгелегіп, алғысын айтып жатқандар да болды.

бірінде бар. Себебі ауыл тұрғындары сиыр сауып, үлгіретіп отырғаны рас. Бұл өнімнің айырмашылығы, түрік технологиясы арқылы өңделеді. Басында сұраныс қалай болады деп ойлады. Бірақ

қорқынышты жеңу керектігін түсіндім, — дейді ол.

Иә түрік айранына сұраныс артты. Өйткені қай кафеге барсаңыз да, түрік айранын ұсынады. Дәмі ерекше, шөл басатын сусын болғандықтан кәсіпкер бұл істі қолға алған.

— Жергілікті жерден өнім шығару, оны бренд етіп қалыптастыру ең алғашқы мақсат болды. Бізміз де өзіміз тәрбиесінде өстік, мейіріміне бөлендік. Той-томалақта әкеліп берген тәтті көмпитін асыға күтетінбіз. Әжеге деген махаббаттың қаншалықты екені белгілі. Сондықтан да атауға келгенде де осыған тоқталдық. Алматы қаласынан арнайы станок алдыдық. Арнайы құтыға құйып сатамыз. Ауданнан көп тапсырыс түседі. Сонымен қатар Қызылорда қаласы мен Жалағаш ауданындағы дүкендерге жібереміз. Қазір тойдың уақыты. Бұл өнім тойдың сәнін келтіріп, дастарқан ажарын кіргізеді. Алдағы уақытта жұмысшылар санын көбейтіп, кәсіпті үлкейту жоспарда бар. Мұнымен тоқтап қалмаймыз, — дейді кәсіпкер.

Кейіпкер ұсынған өнімнің сақталу мерзімі — 10 күн. Қазір ауылдастарынан сүт қабылдап, айранды содан дайындап отыр. Ендігі жоспары — айранмен қоса «Әжемнің құрты» өнімін шығару.

— «Адамды адам ететін — еңбек» дейді ғой. Қаржылық сауаттылықты арттыру туралы кітаптарды жиі оқымын. Ал, мотивация деген дүние біреуден не бәрнәрседен алынбайды. Жай ғана еңбек ету керек. «Алма піс, аузыма түс» деп жатқаннан ештеңе өнбейтінін түсінгенім дурыс. Мемлекеттік қызметте 8-10 сағат жұмыс істесем, өз ісінде 16 сағаттан көп жұмыс істеймін. 24 сағат басың ойдан босаймын. Бұл формада жүруге үлкен көмек, үнемі әрекет ете білген адам жалқаулыққа бой алдырмайды, — дейді ол.

Айта кетейік, Сырдария ауданында 3247 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Былтырғымен салыстырғанда саладағы көрсеткіш 34 пайызға өскен. Жалпы жеті басынан өрік ауданда мемлекеттік және өнірлік бағдарламалармен құны 1,4 млрд теңгені құрайтын 184 жобаға қаржылай қолдау көрсетілген.

Мәлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001:2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет өр атпанын бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел.: 8 (7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 6931
Тапсырыс: 1294